ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ қызметі туралы ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2025 жыл

TORAIGHYROV UNIVERSITY

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

1 Жалпы ақпарат

«Торайғыров университеті» КеАҚ Әдеп жөніндегі кеңесі 2025 жылы Басқарма Төрағасы – Ректордың 2025 жылғы 20 маусымдағы № 15-09/409 бұйрығымен құрылды.

Әдеп жөніндегі кеңестің құрамы кадрлық өзгерістерге байланысты 2025 жылғы 17 қарашадағы № 15-09/708 бұйрық негізінде қайта бекітілді.

2025 жылы құрылған сәттен бастап Әдеп жөніндегі кеңес өз қызметін мыналарға сәйкес жүзеге асырды:

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасы:
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2022 – 2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген);

Қазақстан Республикасының Заңдары:

- 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-II «Коммерциялық емес ұйымдар туралы»;
- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы»;
- 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы»;

- 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»;
- «Торайғыров университеті» КеАҚ ішкі нормативтік құжаттары:
- «Торайғыров университеті» КеАҚ Жарғысы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 323 бұйрығымен бекітілген);
- Корпоративтік әдеп кодексі (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 398 бұйрығымен бекітілген);
- Әдеп жөніндегі кеңес туралы ереже (Басқарма отырысының 2025 жылғы 26 мамырдағы № 9 хаттамасымен бекітілген);
- Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже (Басқарма отырысының 2025 жылғы 26 мамырдағы № 9 хаттамасымен бекітілген);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Басқарма отырысының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 14 хаттамасымен бекітілген);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (Басқарма отырысының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 14 хаттамасымен бекітілген);
- Тәуекелдерді басқару саясаты (Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 5 наурыздағы № 3 хаттамасымен бекітілген, 2025 жылғы 23 сәуірдегі № 4 хаттамамен енгізілген өзгерістермен).

TORAIGHYROV UNIVERSITY
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

МАҚСАТЫ:

Әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) корпоративтік мәдениетті дамыту, кәсіби әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету, этикалық қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу мақсатында құрылған университеттің алқалы консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

Кеңестің құрамы:

Әдеп жөніндегі кеңестің құрамына 9 адам кіреді: профессор-оқытушылар құрамының, әкімшіліктің, заң қызметінің өкілдері (қажет болған жағдайда студенттер қауымдастығы шақырылады), 1 шақырылған бақылаушы, 1 хатшы.

Жыл ішінде Кеңестің құрамы кадрлық өзгерістерге байланысты бір рет қайта бекітілді және Кеңес белгіленген тәртіппен жұмыс істеді.

2025 жылы өткізілген отырыстар саны: 5.

Отырыстар өтініштердің түсуіне қарай жоспарлы және жоспардан тыс өткізілді.

2 Жұмыстың негізгі бағыттары

Есепті жылы Әдеп жөніндегі кеңес мынадай бағыттар бойынша мәселелерді қарады:

- мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу;
- басшы құрамның мүдделер қақтығысы туралы декларацияларға қол қоюы;
- мүдделер қақтығысы элементі бар кадр мәселелері (ПОҚ-ты басқа құрылымдық бөлімшелерге ауыстыру);
- қызметкерлердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауы;
- білім алушылардың академиялық тәртіп пен мінез-құлық нормаларын сақтауы, тәртіптік мәселелерді қарау;
- түсіндіру және профилактикалық жұмыс.

3 Мүдделер қақтығысы туралы мәселелерді қарау

Жыл ішінде университет қызметкерлері арасындағы ықтимал мүдделер қақтығысы жағдайлары қаралды.

Жүргізілген іс-шаралар:

- қызметтік хаттар мен өтініштерді талдау;
- қызметкерлердің түсініктемелерін тыңдау;
- қызметтің ішкі регламенттерге сәйкестігін зерделеу.

Қорытындылар:

- ықтимал мүдделер қақтығысы бар жекелеген жағдайлар анықталды;
- көп жағдайда бұзушылықтар рәсімдік сипатта болды және түсіндіру жұмыстарынан кейін жойылды.

Қабылданған шаралар:

- мүдделер қақтығысын жою бойынша ұсынымдар берілді;
- уақтылы декларациялауды бақылау күшейтілді;
- профилактикалық консультациялар өткізілді.

4 Басшылықтың мүдделер қақтығысы туралы декларациялары

Есепті жылы университеттің басшы құрамы (Басқарма мүшелері) мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының мүдделер қақтығысы туралы декларацияларға қол қоюы ұйымдастырылды.

Нәтижелер:

- жоғары басшылықтың декларацияларға қол қоюы қамтамасыз етілді;
- декларациялар тізілімі қалыптастырылды;
- мәліметтерді жыл сайын жаңарту тәжірибесі енгізілді.

Ұсынымдар:

- жыл сайынғы декларациялау тәжірибесін жалғастыру;
- мүдделер қақтығысының ықтимал тәуекелдеріне мониторингті күшейту;
- басшылармен түсіндіру кездесулерін өткізу.

5 Кадр мәселелері және профессор-оқытушылар құрамын ауыстыру

Кеңес мүдделер қақтығысына байланысты профессор-оқытушылар құрамын кафедраларға және басқа құрылымдық бөлімшелерге ауыстыруға қатысты жағдайларды қарады.

Қараудың негізгі аспектілері:

- университеттің кадр саясатына сәйкестігі;
- ашықтық пен кәсіби әдеп қағидаттарының сақталуы;
- «География және туризм», «Электротехника және автоматтандыру», «Металлургия», «Үштілділік» кафедраларында ықтимал мүдделер қақтығысының (тікелей бағыныстағы бірінші дәрежелі туыстар) алдын алу.

Нәтижелер:

- ауыстырулар негізді және регламенттерге сәйкес деп танылды;
- коммуникацияның ашықтығы мен әдептілігін қамтамасыз ету ұсынылды;
- кадрлық өзгерістер кезінде әдеп нормаларының сақталуын бақылау күшейтілді.

6 Студенттерге қатысты тәртіптік жағдайларды қарау

Оқытушылар мен кафедра меңгерушілерінен түскен өтініштерге байланысты Кеңес студенттердің мінез-құлық нормаларын бұзуының жекелеген жағдайларын қарады.

6.1. Оқу сабақтарындағы бұзушылықтар

«Машина жасау және стандарттау» кафедрасының меңгерушісінен машина жасау факультетінің сабақтарында студенттің әдепсіз мінез-құлқы және балағат сөздерді қолдануы туралы өтініш түсті.

Қабылданған шаралар:

- тексеру жүргізілді, тәртіптік бұзушылықтар тіркелді;
- студентке тәртіптік жаза қолданылды (ректордың бұйрығымен);
- факультетте тәрбие жұмысын күшейту ұсынылды;
- студентпен профилактикалық әңгіме жүргізілді;
- ішкі нормативтік құжаттарды жаңарту: ішкі тәртіп қағидалары Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаментіне жолданды.

6.2. Емтихандағы бұзушылықтар

«Computer Science» білім беру бағдарламасының жетекшісінен емтихан кезінде студенттің әдепсіз мінез-құлқы және балағат сөздерді қолдануы туралы өтініш түсті.

Қабылданған шаралар:

- тәртіптік бұзушылықтар тіркелді;
- студентке тәртіптік жаза қолданылды (ректордың бұйрығымен);
- студентпен профилактикалық әңгіме жүргізілді.

7 Профилактикалық және түсіндіру жұмысы

Есепті жылы Әдеп жөніндегі кеңес бұзушылықтардың алдын алуға ерекше назар аударды.

Өткізілді:

- қызметкерлерге мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша 8 консультация;
- студенттермен түсіндіру әңгімелері;
- бөлімшелерге әдістемелік қолдау;
- әдеп стандарттарын басқару тәжірибесіне енгізу бойынша ұсынымдар.

8 Қызметтің негізгі нәтижелері

Жыл қорытындысы бойынша мыналар атап өтіледі:

- қызметкерлердің мүдделер қақтығысы туралы хабардарлық деңгейінің артуы;
- декларациялау тәжірибесінің енгізілуі;
- қайталанған тәртіптік бұзушылықтар санының азаюы;
- академиялық адалдық мәдениетінің нығаюы;
- кадрлық шешімдер ашықтығының артуы.

9 Келесі жылға арналған міндеттер

- Кафедралар мен құрылымдық бөлімшелерде мүдделер қақтығысының алдын алу жұмысын жалғастыру.
- Декларациялау және мониторинг жүйесін жетілдіру.
- Әдеп бойынша тұрақты оқыту іс-шараларын өткізу.
- Факультеттермен және бөлімшелермен өзара іс-қимылды күшейту.
- Студенттер мен қызметкерлер арасында академиялық адалдық мәдениетін дамыту.

2025 ЖЫЛҒЫ 30 ЖЕЛТОҚСАН
ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 5 ХАТТАМАСЫ

«Торайғыров университеті» КеАҚ

Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы
Әдеп жөніндегі уәкіл
Ахметова Гаухар Галымовна